ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 3 қыркүйек №7119-25-00-2/8987 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.К. Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«SportOi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SportOi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SportOi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 4 513 (төрт мың бес жүз он үш) теңге 49 тиын тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 135 (бір жүз отыз бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «SportOi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 03.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 13.10.2025, судья Кусманова А. К., 13.10.2025
7119-25-3-1/8917

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 03.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.10.2025, судья Кусманова А. К., 13.10.2025

7119-25-3-1/8917